Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Ш.Уәлиханов атындағы мектеп КММ
Мектепалды сынып «Б»
Балалардың жасы: 5жас
Қандай кезеңге жасалды : Қыркүек 1-апта (01.09.2026-04.09.2026)
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ
Апта дәйек сөзі: Білімді бала – еңбекқор бала»

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі** **01.09.2026**	**Сәрсенбі** **02.09.2026**	**Бейсенбі** **03.09.2026**	**Жұма** **04.09.2026**
Балаларды қабылдау		**Ойын атауы: «Жылы амандасу шеңбері»** Мақсаты: балалардың бір-біріне құрметпен амандасуын, достық қарым-қатынасын қалыптастыру. Барысы: Әр бала қасындағы досының атын атап, бір жылы сөзбен амандасады. Ешкімнің сөзін күлкі етпеу ережесі еске түсіріледі. **(Буллингтің алдын алу, қарым-қатынас мәдениеті)** **Күй күмбірі: «Айжан қыз»**	**Ойын атауы: «Пішінді сезіп тап»** Мақсаты: сипап сезу, болжау, пішінді сөзбен сипаттау дағдыларын дамыту. Барысы: Бала қапшық ішіндегі пішінді көрмей ұстап көреді, қандай пішін екенін болжайды және бір белгісін атайды. **(STEM, тіл дамыту)** **Күй күмбірі: «Айжан қыз»**	**Ойын атауы: «Дұрыс әрекетті таңда»** Мақсаты: сыныптағы қауіпсіз және тәртіпті әрекетті ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші екі сурет көрсетеді. Бала қауіпсіз әрекетті таңдап, «Неге?» сұрағына қысқа жауап береді. **(Заң мен тәртіп, жауапкершілік)** **Күй күмбірі: «Айжан қыз»**	**Ойын атауы: «Жасыл бұрышқа қамқорлық»** Мақсаты: өсімдікке қамқорлық жасауға, шағын еңбек міндетін жауапкершілікпен орындауға баулу. Барысы: Бала табиғат бұрышын қарап, бүгін не қажет екенін анықтайды: құрғақ жапырақты алу, топырақты тексеру немесе құралды реттеу. **(Экологиялық мәдениет, еңбекке баулу)** **Күй күмбірі: «Айжан қыз»**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		**«Алғашқы күнгі көңіл күйін қолдайық»** Мақсаты: ата-ананы баланың сезімін бағаламай тыңдауға және «Саған бүгін не ұнады?» деп жылы сұрауға бағыттау.	**«Салыстырмай мадақтайық»** Мақсаты: баланы басқа балалармен салыстырмай, өзінің кішкентай ілгерілеуін нақты атап қолдауға үйрету.	**«Күн тәртібі – баланың тірегі»** Мақсаты: ұйқы, таңғы ас және уақытында келу тәртібін сақтау арқылы баланың көңіл күйі мен бейімделуін жеңілдету.	**«Аптаның кішкентай жеңісі»** Мақсаты: апта соңында баланың бір жетістігін бірге атап, келесі аптаға жағымды сенім қалыптастыру.

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)		**Тақырыбы:** «Таза Қазақстан» **Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын түсіндіру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға, тазалық сақтауға және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Бірлесіп әрекет ету, өз ойын айту және шығармашылық қабілетін дамыту. **«Тазалық сақшысы»** Тәрбиеші әртүрлі әрекеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар табиғатқа пайдалы әрекетті таңдағанда қол шапалақтайды, ал дұрыс емес әрекетті көргенде «Таза Қазақстан!» деп жауап береді. Соңында балалар түрлі түсті қағаздардан қоқыс жәшігінің белгісін немесе «Таза Қазақстан» тақырыбында шағын ортақ белгі жасайды **(Өнегелі 15 минут, еңбекке баулу, заң мен тәртіп)**	**Ойын атауы: «Ереже бізді қорғайды»** Мақсаты: ереженің ортақ қауіпсіздік үшін қажеттігін түсіндіру. Барысы: Балалар «болады/болмайды» карточкаларын сұрыптайды. Бір ережені таңдап, оның кімге және қалай көмектесетінін айтады. **(Өнегелі 15 минут, заң мен тәртіп)**	**Ойын атауы: «Қауіпсіз шешім»** Мақсаты: қауіпті жағдайды байқап, қауіпсіз әрекет таңдау дағдысын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші үш жағдаят ұсынады: төгілген су, өткір зат, ашық есік. Балалар қауіпсіз шешімді таңдап көрсетеді. **(Өнегелі 15 минут, қауіпсіздік мәдениеті, жауапкершілік)**	**Ойын атауы: «Таза орын – ортақ еңбек»** Мақсаты: өз жұмыс орнын реттеу, материалды үнемді пайдалану әдетін қалыптастыру. Барысы: Балалар үстелін тексеріп, құралдарын орнына қояды, қолданылмаған қағазды бөлек жинайды және «Нені үнемдедік?» деп қорытындылайды. **(Өнегелі 15 минут, еңбекке баулу, экологиялық мәдениет)**
Жаттығу кешені		1. Сапта арақашықтық сақтау. 2. Аяқ ұшымен және өкшемен жүру.	1. Бір қатардан екі қатарға қайта тұру. 2. Бағытты өзгертіп жүру.	1. Сапқа тұру, белгі бойынша бұрылу. 2. Қалыпты және жылдам жүруді	1. Бір, екі қатармен сапқа тұру. 2. Тізені көтеріп жүру. 3. Қолды шапалақтап,

		3. Иық пен қолға арналған айналдыру жаттығулары. 4. Жеңіл отырып-тұру. 5. Қимылды ойын «Өз орныңды тап». 6. Баяу тыныс алу. **(Салауатты өмір салты, жауапкершілік)**	3. Оңға-солға иілу. 4. Бір аяқта қысқа тепе-теңдік сақтау. 5. Қимылды ойын «Сол–оң». 6. Босаңсыту жаттығуы. **(Салауатты өмір салты, STEM)**	алмастыру. 3. Қол, дене, аяққа жалпы дамыту жаттығулары. 4. Сызық бойымен жүру. 5. Қимылды ойын «Тоқта–жүр». 6. Тыныс алу жаттығуы. **(Салауатты өмір салты, заң мен тәртіп)**	жоғары созу. 4. Алға еңкею және бойды түзеу. 5. Қимылды ойын «Құстар ұшады». 6. «Қанат демалады» босаңсытуы. **(Салауатты өмір салты, қауіпсіздік мәдениеті)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)		**Жинақтау ойыны: «Досыма көмектесемін»** Мақсаты: ҰІӘ кезінде бір-біріне кедергі келтірмей, сыпайы көмек ұсынуға үйрету. Барысы: Балалар жұппен «Көмек керек пе?», «Рақмет» тіркестерін қолданып, бір құралды кезекпен береді.	**Жинақтау ойыны: «Тыңда да орналастыр»** Мақсаты: назарды жинақтау, кеңістіктік бағыттарды еске түсіру. Барысы: Тәрбиеші «қарындашты оңға, текшені жоғарыға» сияқты 3 қысқа нұсқау береді. Балалар тыңдап орындайды.	**Жинақтау ойыны: «Тілімізді жаттықтырамыз»** Мақсаты: сөйлеу мүшелерінің қимылын белсендіру, анық айтуға дайындау. Барысы: «Күлімдеу», «Түтікше», «Сағат» артикуляциялық жаттығулары орындалады; соңында б-п дыбыстары анық айтылады. **(Тіл дамыту, артикуляциялық жаттығу)**	**Жинақтау ойыны: «Бүгінгі жауапты қадам»** Мақсаты: өз әрекетіне жауапкершілік алуға, сабақ ережесін саналы таңдауға үйрету. Барысы: Әр бала бүгін сақтайтын бір ережені таңдайды: тыңдау, құралды ұқыпты ұстау, бастаған істі аяқтау. **(Жауапкершілік, заң мен тәртіп)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** **Тақырыбы: «Білімің–бұлағың»** Міндеті: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. **1.**Тәрбиеші: «Балалар, бүгін біз жаңа білім әлеміне әуенмен саяхат жасаймыз. Әуеннің бізге	**Музыка** **Тақырыбы: «Білімің–бұлағың»** Міндеті: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. **1.**Тәрбиеші: «Балалар, музыка кейде қуантады, кейде тыныштандырады. Бүгін әуеннің мінезін	**Математика негіздері** **Тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау** Міндеті: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру **1.** Тәрбиеші: «Балалар, бүгін кішкентай робот қағаздағы жолмен	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар және жыл құстары** Міндеті: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау **1.** Тәрбиеші: «Балалар, екі құс бізден көмек

		қандай көңіл күй сыйлайтынын байқап, оны қимылмен көрсетіп көрейік. Музыкалық саяхатқа дайынбыз ба?» **1. Музыкалық-дидактикалық ойын «Әуеннің көңіл күйін тап»** Мақсаты: Музыканы қызығушылықпен тыңдауға, әуеннің сипатын сезінуге және алған әсерін қимылмен, сөзбен жеткізуге баулу. Барысы: Тәрбиеші көңілді және баяу әуендерді кезекпен тыңдатады. Балалар әуенге сай жеңіл қимыл жасап, соңында оның көңіл күйін «көңілді», «жайлы», «әсем» сөздерімен сипаттайды. **(Тіл дамыту, салауатты өмір салты, қарым-қатынас мәдениеті)** **2. Қимылды-ырғақты ойын «Әуен тоқтаса – қимыл тоқтайды»** Мақсаты: Музыкалық есту зейінін, ырғақты сезінуін және белгі бойынша әрекет етуін дамыту. Барысы: Әуен ойнағанда балалар белгіленген орында ырғаққа сай қозғалады. Әуен	тауып, оны өз қимылымызбен көрсетеміз. Әуен бізге не айтатынын тыңдап көрейік.» **1. Музыкалық-дидактикалық ойын «Әуеннің мінезін тап»** Мақсаты: Музыкаға қызығушылықты арттыру, әуеннің сипатын есту арқылы ажыратуға және қимылмен жеткізуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші сипаты әртүрлі қысқа әуендер тыңдатады. Балалар көңілді әуенде жеңіл қимылдап, баяу әуенде қозғалысын баяулатады. Соңында әуеннің көңіл күйін сөзбен атайды. **(Музыкалық-қимыл дағдысы, тіл дамыту, салауатты өмір салты)** **2. Коммуникативтік-ырғақты ойын «Менің қимылымды қайтала»** Мақсаты: Музыкалық ырғақты сезіну, құрдасының әрекетін бақылау, бір-бірін қолдау және бірге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Барысы: Бір бала музыка ырғағына сай қарапайым қимыл көрсетеді, қалғандары қайталайды.	жүргісі келеді, бірақ қай жаққа бұрылатынын білмейді. Біз оған бағыт көрсетіп, мәреге жеткіземіз.» **1. Математикалық ойын «Роботты мәреге жеткіз»** Мақсаты: Қағаз бетінде берілген бағыт бойынша бағдарлау және белгіге сәйкес бағытты өзгерту дағдысын қалыптастыру. Барысы: Балалар торкөзді қарапайым жолда фишканы «бір тор жоғары», «екі тор оңға», «бір тор төмен» нұсқауларымен жылжытады. Жұптағы бала қозғалысты бақылап, мәреге бірге жетуге көмектеседі. **2. Логикалық ойын «Бағыт өзгерді»** Мақсаты: Белгі бойынша әрекетін өзгерту, зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Барысы: Тәрбиеші көрсеткі карточкаларын көрсетеді. Балалар саусағымен қағаз бетінде бағытты жүргізеді. Қызыл белгіде тоқтайды, жасыл белгіде жалғастырады, көрсеткі ауысса бағытты өзгертеді.	сұрап келіпті: біреуі қыста осында қалады, екіншісі жылы жаққа ұшады. Неліктен олардың тіршілігі әртүрлі екенін бірге анықтайық.» **1. Дидактикалық ойын «Құстың үйін тап»** Мақсаты: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстар туралы сөздік қорын дамыту. Барысы: Балалар бірнеше құс суретін «Қыстап қалады» және «Жылы жаққа ұшады» топтарына орналастырады. Құстың атын атап, неге сол топты таңдағанын түсіндіреді. **(Тіл дамыту, экологиялық мәдениет)** **2. Танымдық-коммуникативтік ойын «Құсқа қалай көмектесеміз?»** Мақсаты: Құстардың пайдасы туралы түсінігін кеңейту және оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Барысы: Тәрбиеші «Қыста құс жем таба алмай қалды», «Құстың суы қатып қалды» сияқты жағдаяттар

		тоқтағанда қимылын тоқтатып, «мүсінге» айналады. Бір-бірін итермей, арақашықтықты сақтайды. **(Қауіпсіздік мәдениеті, заң мен тәртіп, салауатты өмір салты)** **Мадақтау: «Керемет! Әуенді мұқият тыңдап, қимылдарды бір-біріңе кедергі келтірмей орындадыңдар!»** **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Дыбыс** Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы), сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; **1.** Тәрбиеші: «Балалар, айналамызда түрлі дыбыстар бар. Ал сөздердің ішінде де дыбыстар жасырынады. Бүгін біз дыбыс зерттеушілері болып, дыбыстың сөздің қай жерінде тұрғанын табамыз.» **1. Дидактикалық ойын «Дыбыс қайда жасырынды?»** Мақсаты: Фонематикалық естуді	Келесі кезекте басқа бала жетекші болады. Қате орындаған балаға күлмей, қимылды қайта көрсету арқылы көмектеседі. **(Өзара көмек және достық, салауатты өмір салты)** **Мадақтау: «Тамаша! Музыканы сезініп, достарыңның қимылдарын мұқият бақылап, бір-біріңді қолдадыңдар!»** **Математика негіздері** **Тақырыбы: Кеңістікте бағдарлау** Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) **1.** Тәрбиеші: «Балалар, кішкентай ойыншық заттардың қай жерде тұрғанын шатастырып алыпты. Оң, сол, жоғары, төмен бағыттарын көрсетіп, оған көмектесеміз бе?» **1. Математикалық ойын «Ойыншықты дұрыс орналастыр»** Мақсаты: Сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде ұғымдарын бекіту,	**Мадақтау: «Тамаша! Сендердің көмектеріңмен робот жолынан адаспай, мәреге жетті!»** **Тіл дамыту** **Тақырыбы: Мектептегі алғашқы күн** Міндеті: Айтылуы және дыбысталуы ұқсас б-п дауыссыз дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, мектепке алғаш келген күнімізді еске түсірейік. Кіммен таныстыңдар? Қандай сезімде болдыңдар? Бүгін сол күн туралы сөйлесіп, Б және П дыбыстарын анық айтамыз.» **1. Сөздік-дидактикалық ойын «Б ма, П ма?»** Мақсаты: Б-п дауыссыз дыбыстарын есту арқылы ажырату және анық айту. Барысы: Тәрбиеші бала, парта, бор, пішін сияқты суреттер көрсетеді. Балалар Б дыбысы естілсе бір белгі, П	ұсынады. Балалар жұппен шешім ойлап, «Мен құсқа ... арқылы көмектесемін» деп айтады. **(Экологиялық мәдениет, жауапкершілік, өзара көмек)** **Мадақтау: «Жарайсыңдар! Құстарды ажыратып қана қоймай, оларға қалай қамқор болу керегін де білдіңдер!»** **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар және жыл құстары** Міндеті: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, күн салқындағанда барлық құс бірдей әрекет ете ме? Бүгін кішкентай зерттеушілер болып, құстардың маусымдық тіршілігін зерттейміз.» **1. Зерттеу ойыны «Неліктен құстар ұшады?»** Мақсаты: Құстардың маусымдық тіршілігін бақылау арқылы

		дамыту, сөздегі дыбыстың орнын анықтауға жаттықтыру. Барысы: Тәрбиеші таныс суреттерді көрсетіп, сөздерді анық айтады. Дыбыс басында болса балалар қолын басына, ортасында болса беліне, соңында болса тізесіне қояды. Кейін жауабын сөзбен түсіндіреді. **(Тіл дамыту,зейінді шоғырландыру)** **2. Үстел үсті-дидактикалық ойын «Үш үйге орналастыр»** Мақсаты: Сөздегі дыбыстың басы, ортасы, соңын ажырату, ойлау және топтастыру дағдыларын дамыту. Барысы: Үстелде «Басы», «Ортасы», «Соңы» белгіленген үш орын болады. Бала суретті таңдап, сөзді айтады да, дыбыстың орнына қарай тиісті орынға орналастырады. Досы оның жауабын тыңдап, қажет болса қайта тыңдауға көмектеседі. **(өзара көмек және достық)** **Мадақтау: «Жарайсыңдар! Бүгін сендердің құлақтарың нағыз дыбыс**	кеңістіктік ойлауын және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Барысы: Тәрбиеші «Қонжықты қораптың оң жағына қой», «Допты үстелдің астына орналастыр» деген тапсырмалар береді. Бала орындап, заттың орнын толық сөйлеммен айтады. **(Тіл дамыту, танымдық дағды)** **2. Қимылды-математикалық ойын «Бағытты тыңда»** Мақсаты: Кеңістіктік бағыттарды қимыл арқылы бекіту, есту зейінін және белгі бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. Барысы: Балалар өз орындарының жанында тұрып, «оң қолыңды көтер», «сол жаққа бір қадам жаса», «жоғары көтеріл», «төмен отыр» нұсқауларын орындайды. Кейін нұсқауды балалардың бірі айтады. **(салауатты өмір салты, жауапкершілік)** **Мадақтау: «Жарайсыңдар! Оң мен солды, жоғары мен төменді жақсы ажыратып, тапсырманы мұқият орындадыңдар!»**	дыбысы естілсе екінші белгі көтереді. Сөзді анық қайталап, бір сөйлем құрайды. **(Тіл дамыту,зейінді шоғырландыру)** **2. Коммуникативтік ойын «Менің алғашқы күнім»** Мақсаты: Сөздерді мағынасына сәйкес қолдану, өз әсерін жүйелі айту және құрдасының әңгімесін тыңдау. Барысы: Балалар жұппен «Мектепке алғаш келгенде...», «Маған ... ұнады», «Мен ... таныстым» сөйлемдерін жалғастырады. Бір бала сөйлегенде екіншісі бөлмей тыңдап, соңында досының бір ойын қайталайды. **(Тіл дамыту, әлеуметтік-эмоциялық дағды)** **Мадақтау: «Жарайсыңдар! Өз ойларыңды анық айтып, достарыңды мұқият тыңдадыңдар!»** **Қазақ тілі** **Тақырыбы: Ата-әже** Міндеті: Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере»,	қарапайым себеп-салдарлық байланысты түсіну. Барысы: Балалар «күн салқындайды → жәндік азаяды → кейбір құстар жылы жаққа ұшады» мазмұнындағы суреттерді ретімен орналастырып, өз ойын сөйлеммен түсіндіреді. **Тіл дамыту, экологиялық мәдениет)** **2. Экологиялық-танымдық ойын «Қамқорлық қоржыны»** Мақсаты: Құстарға дұрыс қамқорлық әрекеттерін таңдау және табиғат алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру. Барысы: Қоржындағы әрекет суреттерінен балалар жем салу, су қою сияқты пайдалы әрекеттерді таңдайды, ал құсты үркіту, ұяны бұзу сияқты әрекеттердің неліктен дұрыс еместігін айтады. **(Экологиялық мәдениет, жауапкершілік, заң мен тәртіп)** **Мадақтау: «Тамаша зерттеушілер! Құстардың тіршілігін**

		зерттеушілеріндей мұқият болды!» **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: Жыл мезгілдері: жаз, күз.** Міндеті: Белгілері Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, бір суретте айнала жап-жасыл, ал екіншісінде жапырақтар сарғайып тұр. Табиғат неліктен өзгереді екен? Бүгін жаз бен күздің белгілерін зерттеп, айырмашылығын табамыз.» **1. Танымдық-дидактикалық ойын «Жаз ба, күз бе?»** Мақсаты: Жаз және күз мезгілдерінің белгілерін ажырату, табиғаттағы өзгерістерді салыстыру және байланыстырып сөйлеуді дамыту. Барысы: Балалар күн, жаңбыр, жасыл және сары жапырақ, гүл, жеміс, киімдер бейнеленген карточкаларды «Жаз»	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Дыбыс пен сөз** Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету,қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды; **1.** Тәрбиеші: «Балалар, «Б-б-б» десем – бұл дыбыс. Ал «бала» десем – бұл сөз. Бүгін дыбыс пен сөздің айырмашылығын зерттеп, ұқсас дыбыстарды анық айтуға жаттығамыз.» **1. Дидактикалық ойын «Дыбыс па, сөз бе?»** Мақсаты: Дыбыс пен сөзді ажырату, фонематикалық естуді және ауызша сөйлеуді дамыту. Барысы: Тәрбиеші «а», «б», «үй», «доп», «п», «бала» сияқты дыбыстар мен сөздерді айтады. Дыбыс естісе балалар бір саусақ, сөз естісе екі саусақ көрсетеді. Кейін өздері бір дыбыс және сол дыбыстан басталатын сөз айтады. **(Тіл дамыту, зейінді**	«ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, әр адамның ең қымбат адамдары – оның отбасы. Біздің ата-әжеміз, бауырларымыз, туған-туыстарымыз бар. Бүгін туыстық атаулардың мағынасын үйренеміз.» **1. Дидактикалық ойын «Отбасы ағашын толықтыр»** Мақсаты: Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді түсіну және сөздік қорда қолдану. Барысы: Тақтаға қарапайым отбасы ағашы қойылады. Балалар ата, әже, бауыр, немере сияқты карточкаларды тиісті орынға орналастырады. Әр бала «Мен атамның немересімін» сияқты қысқа сөйлем айтады. **(Тіл дамыту, танымдық дағды, отбасылық құндылық)** **2. Сюжеттік-рөлдік ойын «Ата-әжеге қонаққа»** Мақсаты: Туыстық атауларды диалогте	**түсініп, табиғатқа қамқор болудың дұрыс жолдарын таңдадыңдар!»** **Шығармашылық** **Тақырыбы: Көшедегі үйлер** Міндеті: Құрастыру: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Сурет салу/ Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, /Мүсіндеу/ Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Жапсыру Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу **1.** Тәрбиеші: «Балалар,

		және «Күз» топтарына бөледі. Әр бала «Бұл күзге жатады, себебі...» деп таңдауын түсіндіреді. **(Тіл дамыту, экологиялық мәдениет)** **2. Зерттеу ойыны «Табиғат неге өзгерді?»** Мақсаты: Табиғат құбылыстары, өсімдік пен адам әрекеті арасындағы қарапайым себеп-салдарлық байланысты түсінуге жетелеу. Барысы: Тәрбиеші «Күн салқындаса не болады?», «Күзде адамдар қандай еңбек атқарады?» деген суретті жағдаяттар ұсынады. Балалар суреттерді реттеп, өзгерістің себебін айтады және табиғатқа қамқорлықтың бір жолын ұсынады. **(Экологиялық мәдениет, еңбекке баулу, жауапкершілік)** **Мадақтау: «Тамаша! Табиғаттағы өзгерістерді байқап, олардың себептерін де түсіндіре алдыңдар!»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Білімің – бұлағың** Міндеті: Кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Алған ақпараттарымен,	**шоғырландыру)** **2. Артикуляциялық-дидактикалық ойын «Ұқсас дыбысты ажырат»** Мақсаты: Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Барысы: Тәрбиеші б–п, к–қ, ж–ш сияқты жұптарды анық айтады. Балалар ерін мен тіл қозғалысын байқап қайталайды. Кейін суреттер арасынан тиісті дыбыстан басталатын затты тауып атайды. **(Тіл дамыту, өзара көмек, буллингтің алдын алу)** **Мадақтау: «Өте жақсы! Дыбыс пен сөзді ажыратып, қиын дыбыстарды анық айтуға тырыстыңдар!»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Бәрі де бар бақшада** Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Диалогтік сөйлеуді дамыту. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, бақшада біз ойнаймыз, үйренеміз, достасамыз және бір-бірімізге көмектесеміз. Бүгін өлең	қолдану, үлкенге құрмет пен сыпайы қарым-қатынас қалыптастыру. Барысы: Балалардың бірі ата немесе әже, қалғандары немере, бауыр, туысқан рөлін алады. «Сәлеметсіз бе, әже!», «Ата, сізге көмектесейін» сияқты қысқа диалог құрады. **(Тіл дамыту, қарым-қатынас мәдениеті, еңбекке баулу)** **Мадақтау: «Өте жақсы! Туыстық сөздерді дұрыс қолданып, үлкендерге құрмет көрсеттіңдер!»** **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: Спортзалмен танысу** Міндеті: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **1.** Тәрбиеші: «Балалар, бүгін спортзалмен жақынырақ танысамыз. Нағыз спортшы ең алдымен қауіпсіздік ережесін сақтайды. Біз	бүгін біз құрылысшы да, суретші де, мүсінші де, шебер де боламыз. Барлығымыз бірігіп бір ғана ортақ өнім – әдемі әрі қауіпсіз көше макетін жасаймыз.» **1. Құрылыс-STEM ойыны «Үйді берік тұрғыз»** Мақсаты: Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен қарапайым үй құрылымын құрастыру, пішін, өлшем және орналасуды тәжірибе арқылы анықтау. Барысы: Балалар шағын топтарда конструктордан үйлер құрастырады. Қай бөлшекті төменге қойған кезде үй берік тұратынын байқап көреді, биік және аласа үйлерді салыстырады, міндеттерді өзара бөліседі. **(еңбекке баулу, жауапкершілік, өзара көмек)** **2. Шығармашылық ойын «Көшені бірге аяқтаймыз»** Мақсаты: Сурет салу, жапсыру және мүсіндеу тәсілдерін бір ортақ

		әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. **1.**Тәрбиеші: «Балалар, бүгін бізге кітап қонаққа келіпті. Ол: «Мені мұқият тыңдап, суреттерімді қарап, алған әсерлеріңмен бөлісіңдерші», – дейді. Кітаптың өтінішін орындаймыз ба?» **1. Коммуникативтік ойын «Кітап маған не айтты?»** Мақсаты: Кітапқа қызығушылықты дамыту, тыңдаған және көрген ақпарат туралы өз ойын айтуға мүмкіндік беру. Барысы: Тәрбиеші шығарманың шағын бөлігін оқып береді. Балалар иллюстрацияларды қарап, «Маған ... ұнады, себебі...» үлгісімен өз әсерін айтады. Қалғандары сөйлеушіні бөлмей тыңдайды. **(Тіл дамыту, буллингтің алдын алу, қарым-қатынас мәдениеті)** **2. Драмалық-коммуникативтік ойын «Кейіпкерге бір сұрақ»** Мақсаты: Шығарма бойынша алған әсерімен бөлісу, сұрақ қою және диалогтік қарым-қатынас жасау дағдыларын	арқылы бақшадағы қызықты өмірді сезініп, оны мәнерлеп айтып көреміз.» **1. Драмалық ойын «Өлеңді көңіл күймен айт»** Мақсаты: Өлең жолдарын мәнерлеп, интонациямен айтуға жаттықтыру, сөздің көңіл күйін сезіну. Барысы: Тәрбиеші өлеңнің қысқа бөлігін мәнерлеп оқиды. Балалар дауыс ырғағын байқап, өлең жолдарын қуанышты, таңданған немесе жұмсақ интонациямен айтып көреді. **(Тіл дамыту, әлеуметтік-эмоциялық дағды, қарым-қатынас мәдениеті)** **2. Сюжеттік-рөлдік ойын «Бақшадағы достар»** Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді дамыту, құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға және бір-біріне көмектесуге үйрету. Барысы: Балалар жұптасып бақшадағы достар жағдаятын ойнайды. Бір бала көмек сұрайды, екіншісі сыпайы жауап береді. «Өтінемін», «рақмет», «саған	де қауіпсіз әрі шымыр спортшылар болуға дайынбыз ба?» **1. Танымдық-қимылды ойын «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?»** Мақсаты: Спортзалдағы қауіпсіз әрекеттерді ажырату және дене жаттығуларына қызығушылықты арттыру. Барысы: Тәрбиеші «досын итеру», «кезекпен жүру», «арақашықтық сақтау» сияқты әрекеттерді атайды. Қауіпсіз әрекетте балалар қол шапалақтайды, қауіпті әрекетте «Тоқта!» деп, дұрыс әрекетті ұсынады. **(Қауіпсіздік мәдениеті, заң мен тәртіп, салауатты өмір салты)** **2. Қимылды ойын «Спортзал бағыты»** Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттыру, белгі бойынша қозғалу және қауіпсіз арақашықтықты сақтау. Барысы: Балалар сызық бойымен жүреді, белгіге дейін жетеді, кедергіні айналып өтіп, өз орнына оралады. Әр бала алдыңғы баламен қауіпсіз арақашықтық	шығармашылық өнімде үйлестіру. Барысы: Құрастырылған үйлер ортақ негізге қойылады. Балалар жол мен табиғат көрінісін бейнелейді, қағаздан терезе, шатыр және пішіндер қиып жапсырады, ермексаздан ағаш пен гүл жасайды. Соңында жаяу жүргінші жолы немесе қауіпсіздік белгісін қосады. **(Шығармашылық дағды, қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу, жауапкершілік)** **Дайын өнім: «Біздің әдемі әрі қауіпсіз көшеміз» ортақ көлемді макеті.** **Мадақтау: «Керемет, шеберлер! Әрқайсың өз үлестеріңді қосып, бір-біріңмен келісіп, бір ортақ әдемі көше жасадыңдар!»** **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: Сапқа тұрамыз** Міндеті: Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, **1. Мотивациялық кезең** Тәрбиеші: «Балалар,

		дамыту. Барысы: Бір бала кейіпкер рөлін алады. Қалған балалар оған «Сен неге олай жасадың?», «Саған кім көмектесті?» сияқты сұрақ қояды. Кейіпкер рөліндегі бала қысқа жауап береді. **(Тіл дамыту, әлеуметтік-эмоциялық дағды, буллингтің алдын алу)** **Мадақтау: «Өте жақсы! Кітапты мұқият тыңдап, өз ойларыңды еркін айтып, достарыңның пікірін құрметтедіңдер!»**	көмектесейін» сөздері қолданылады. **(тіл дамыту, өзара көмек және достық)** **Мадақтау: «Керемет! Өлеңді әдемі айтып, бір-біріңмен сыпайы сөйлесе білдіңдер!»**	сақтайды. **(Салауатты өмір салты, жауапкершілік, қауіпсіздік мәдениеті)** **Мадақтау: «Керемет! Бүгін сендер шапшаң ғана емес, қауіпсіздік ережесін сақтайтын жауапты спортшы болдыңдар!»**	бүгін біз ұйымшыл команда боламыз. Егер белгіге мұқият қарап, бір-бірімізді тыңдасақ, бір, екі және үш қатарға дұрыс тұра аламыз. Командалық тапсырманы бастаймыз!» **1. Қимылды-ережелі ойын «Белгіге қарап сапқа тұр»** Мақсаты: Бір, екі, үш қатармен сапқа тұруға жаттықтыру, белгі бойынша әрекет ету және өз орнын табу дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші «1», «2», «3» белгісін кезекпен көрсетеді. Балалар сәйкесінше бір, екі немесе үш қатарға жүгірмей, итермей орналасады. **(қауіпсіздік мәдениеті, салауатты өмір салты)** **2. Қимылды-коммуникативтік ойын «Досымның жанына тұрамын»** Мақсаты: Бір-бірінің жанына және артынан сапқа тұруды бекіту, кеңістікте бағдарлау және құрдасымен қауіпсіз әрекет ету. Барысы: Тәрбиеші «Аружанның жанына

					тұр», «Әлидің артына тұр» сияқты нұсқаулар береді. Балалар орнын тауып, арақашықтық сақтайды. Қателескен балаға құрдасы сөзбен бағыт береді. **(жауапкершілік, тіл дамыту, қауіпсіздік мәдениеті)** **Мадақтау: «Жарайсыңдар! Бүгін сендер тәртіпті, ұйымшыл және бір-біріне көмектесетін нағыз команда болдыңдар!»**
Серуенге дайындық		**Ойын атауы: «Суды үнемдейміз»** Мақсаты: серуен алдында қол жууда суды қажет мөлшерде пайдалануға үйрету. Барысы: Балалар сабындау кезінде кранды жабу, шаю кезінде ашу ережесін қайталайды. **(Үнемді тұтыну, экологиялық мәдениет)**	**Ойын атауы: «Қауіпсіз жұп»** Мақсаты: дәліз бен баспалдақта жұппен, асықпай жүру ережесін сақтау. Барысы: Балалар жұбын тауып, арақашықтық сақтап, итермей есікке дейін жүреді. **(Заң мен тәртіп, қауіпсіздік мәдениеті)**	**Ойын атауы: «Ауа райына сай киім»** Мақсаты: ауа райына сәйкес киім таңдау арқылы денсаулықты сақтау. Барысы: Терезеден ауа райын бақылап, қай киім не үшін керек екенін атайды. **(Салауатты өмір салты, тіл дамыту)**	**Ойын атауы: «Серуен ережесінің белгісі»** Мақсаты: серуен алаңындағы қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Барысы: Әр бала бір белгі-карточка таңдап, оның ережесін айтады: алыстамау, итермеу, белгісіз затты ұстамау. **(Қауіпсіздік мәдениеті, жауапкершілік)**
Серуен		**Жапырақтарды зерттеу: түсі, пішіні, көлемі бойынша салыстыру. Қимылды ойын: «Жапырақты тап»** Мақсаты: Жапырақтарды түсі, пішіні, көлемі	**Желді лента арқылы бақылау: жел бар/жоқ, бағыты туралы қарапайым қорытынды. Қимылды ойын: «Жел мен тыныштық»** Мақсаты: Желдің әсерін қимыл арқылы сезіну,	**Ауладағы қауіпсіз және қауіпті орындарды бақылау: баспалдақ, жиек, қақпа маңы. Қимылды ойын: «Бағдаршам»** Мақсаты: Белгі бойынша қауіпсіз қозғалу, тоқтау	**Құстарды бақылау: дыбысы, қимылы, қай жерде жүргенін байқау; күздегі құстар туралы әңгіме. Қимылды ойын: «Құстар мен ұялар»** Мақсаты: Құстардың

		бойынша ажырату, зейін мен шапшаңдықты дамыту. Барысы: Тәрбиеші «үлкен сары жапырақ», «кішкентай жасыл жапырақ» сияқты белгі айтады. Балалар жерге түскен жапырақтардың арасынан сәйкесін тауып көрсетеді және оның белгісін атайды. Балалардың дербес әрекеті: Балалар 2–3 жапырақты өз бетінше салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын досына айтады. **Еңбекке баулу: «Жапырақтарды сұрыптап жинаймыз»** Мақсаты: Жапырақтарды белгісі бойынша топтастыру арқылы еңбекке қызығушылық пен ұқыптылықты қалыптастыру. Барысы: Балалар жиналған жапырақтарды үлкен–кіші немесе түсіне қарай екі топқа бөліп, белгіленген орынға жинайды. Жұмыс соңында пайдаланған құралдарын орнына қояды. **(еңбекке баулу, экологиялық мәдениет)**	белгі бойынша әрекет ету және зейінді дамыту. Барысы: Тәрбиеші «Жел соқты» дегенде балалар лентаны қозғап, жеңіл қимылдайды; «Тыныштық» дегенде тоқтап, лентаның қозғалысын бақылайды. Соңында желдің бар-жоғын айтады. Балалардың дербес әрекеті: Балалар желдің әсерін лентадан, ағаш бұтағынан және қауіпсіз жеңіл заттардан байқап, көргенін бір-біріне айтады. **Еңбекке баулу: «Ойыншықтарды санап жинаймыз»** Мақсаты: Ортақ заттарға жауапкершілікпен қарау, санау және ретпен жинау дағдыларын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші әр топқа бірнеше серуен ойыншығын жинауды ұсынады. Балалар оларды санап, түріне қарай реттеп, белгіленген орынна қояды. Соңында бәрі түгел екенін бірге тексереді. **(жауапкершілік, еңбекке баулу)**	және қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. Барысы: Жасыл белгіде балалар жүреді, сары белгіде баяулайды, қызыл белгіде тоқтайды. Белгіленген шекарадан шықпайды және бір-бірін итермейді. Балалардың дербес әрекеті: Балалар белгіленген шекарада өздері таңдаған тыныш немесе қимылды ойынды ойнайды, қауіпсіз орындарды сақтайды. **Еңбекке баулу: «Құрал өз орнын тапсын»** Мақсаты: Ортақ құралды ұқыпты пайдалану, жұмыстан кейін орнына қою және ортақ тәртіпке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Барысы: Балалар серуен соңында қолданған доп, күрекше, шелек және басқа құралдарды түріне қарай тауып, белгіленген орнына апарады. Тәрбиешімен бірге алаңның реттелгенін тексереді. **(Заң мен тәртіп, қауіпсіздік мәдениеті, жауапкершілік)**	қимылын бейнелеу, белгі бойынша өз орнын табу және қимыл үйлесімділігін дамыту. Барысы: Балалар «құстар» болып алаңда жеңіл қозғалады. «Ұяға!» белгісі берілгенде белгіленген шеңберлерге жиналады. Бір-бірін итермей, бос орынға қауіпсіз орналасады. Балалардың дербес әрекеті: Балалар құстарды үркітпей алыстан бақылап, қайда отырғанын, қалай қозғалғанын және қандай дыбыс шығарғанын досына айтады. **Еңбекке баулу: «Құстарға қамқор болайық»** Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға, еңбекті ұқыпты орындауға және жемді үнемді пайдалануға тәрбиелеу. Барысы: Балалар тәрбиешімен бірге құстарға арналған орынды қарап шығады. Қауіпсіз жағдайда орнын реттеп, аз мөлшерде жем салады. Жемді шашпай, тек қажетті мөлшерін

					қолданады. **(Экологиялық мәдениет, еңбекке баулу, үнемді тұтыну)**
Серуеннен оралу		**Дағды ойыны: «Таза қол – денсаулық»** Мақсаты: қол жуу ретін дұрыс орындау және суды үнемдеу. Барысы: Қолды сулау, сабындау, кранды жабу, ысқылау, шаю, сүрту ретімен орындайды. **(Салауатты өмір салты, үнемді тұтыну)**	**Дағды ойыны: «Көмек сұра, рұқсат ал»** Мақсаты: досына көмектесуде сыпайылық пен жеке шекараны сақтау. Барысы: Бала өз затын реттеген соң «Көмек керек пе?» деп сұрайды; тек келісім болса көмектеседі. **(қарым-қатынас мәдениеті)**	**Дағды ойыны: «Тыныш дәліз»** Мақсаты: сыныпқа қауіпсіз және тәртіппен оралу. Барысы: Балалар жұппен, жүгірмей, оң жақпен қозғалып, кезекті сақтайды. **(Заң мен тәртіп, қауіпсіздік мәдениеті)**	**Дағды ойыны: «Табиғи материалды ұқыпты сақта»** Мақсаты: табиғаттан алынған материалға жауапкершілікпен қарау. Барысы: Оқу үшін жиналған жапырақтар арнайы қорапқа салынады; қажетсізін сыртқа шашпайды. **(Экологиялық мәдениет, жауапкершілік)**
Балалармен жеке жұмыс		**Математика негіздері** Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) **Ойын тақырыбы: «Оң–солды тап»** Мақсаты: кеңістіктік бағыттарды дұрыс қолдануды бекіту. Барысы: Бала ойыншықты тәрбиеші нұсқауы бойынша орналастырып, «оң жақта/сол жақта/жоғарыда/төменде» деп айтады. **(Жеке қолдау, таным**	**Тіл дамыту** Міндеті: Айтылуы және дыбысталуы ұқсас б-п дауыссыз дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. **Ойын тақырыбы: «Б–П анық айт»** Мақсаты: б-п дыбыстарын дұрыс айту және сөзді мағынасына сай қолдану. Барысы: Бала Б және П дыбыстары бар 4 суретті атайды, екі суретпен қысқа сөйлем құрайды. **(Жеке қолдау, тіл дамыту)**	**Қазақ тілі** Міндеті: Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. **Ойын тақырыбы: «Туыстық сөздер»** Мақсаты: туыстық атауларды дұрыс қолдануды бекіту. Барысы: Отбасы суреті бойынша бала кемінде үш туыстық атауды қолданып 2–3 сөйлем айтады. **(Жеке қолдау, қазақ тілі дамыту)**	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Міндеті: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. **Ойын тақырыбы: «Құсты таны»** Мақсаты: жыл және қыстайтын құстарды ажыратуды бекіту. Барысы: Бала екі құс суретін таңдап, қай топқа жататынын және оған қалай қамқорлық жасау керегін айтады. **(Жеке қолдау, әлеуметтік дағды)**

		дағдылары)			
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*		**Ойын атауы: «Сурет сөйлейді»** Мақсаты: сурет бойынша өз бетінше қысқа әңгіме құрастыру. Барысы: Бала кітаптан бір сурет таңдап, «Кім? Қайда? Не істеп жатыр?» сұрақтары бойынша әңгімелейді. **(Тіл дамыту, коммуникативтік дағды)**	**Ойын атауы: «Қағаз ұшағын сынаймыз»** Мақсаты: қарапайым тәжірибе арқылы алыс-жақын нәтижесін салыстыру. Барысы: Екі дайын бүктеу үлгісінің бірін таңдап, тәрбиеші бақылауымен ұшырады; түскен орнын салыстырады. **(қауіпсіздік мәдениеті)**	**Ойын атауы: «Менің ережем»** Мақсаты: тәртіп ережесін бейнелеу және түсіндіру. Барысы: Бала бір сынып ережесін суретпен көрсетіп, не үшін сақтау керегін бір сөйлеммен айтады. **(Заң мен тәртіп, жауапкершілік)**	**Ойын атауы: «Жасыл бұрыш көмекшісі»** Мақсаты: өсімдікке күтім жасауға дербес қатысу. Барысы: Балалар топырақтың ылғалын байқайды, қажет болса тәрбиешімен бірге аз мөлшерде су құяды, құралды орнына қояды. **(Экологиялық мәдениет, еңбекке баулу)**
Балалардың үйге қайтуы		**«Бір жылы сұрақ»** Ата-ана баладан «Бүгін кіммен жақсы ойнадың?» деп сұрайды. Тәрбиеші жауапты асықтырмай тыңдауды ұсынады. **(Бала – ата-ана – тәрбиеші ынтымақтастығы)**	**«Бала – үйретуші»** Бала бүгін үйренген бір жаңа сөзді немесе бағытты ата-анасына түсіндіреді. Ата-ана: «Маған үйреткеніңе рақмет!» деп қолдайды. **(Бала – ата-ана – тәрбиеші ынтымақтастығы)**	**«Қауіпсіздік келісімі»** Бала үйге қайтарда бүгінгі бір қауіпсіздік ережесін ата-анасына айтады. Екеуі оны үйге дейін бірге сақтауға келіседі. **(Бала – ата-ана – тәрбиеші ынтымақтастығы)**	**«Аптаның кішкентай жеңісі»** Бала аптадағы бір жетістігін өзі атайды. Ата-ана мен тәрбиеші «Сен тырыстың, аяқтадың, үйрендің» сияқты нақты қолдау сөзін айтады. **(Бала – ата-ана – тәрбиеші ынтымақтастығы)**

Тексерген: Ж.Жұмажанова